Педагогикалық кеңесімен бекітілген
2022ж. «31»тамызындағы
№ 1 хаттама
«Ақтан жырау негізгі мектебі»
КММ-нің директоры
А.Абишова

**2022-2023 оқу жылына арналған**
**«Ақтан жырау негізгі мектебі»**
**Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**жұмыс**
# ЖОСПАРЫ

**2022 оқу жылы**

# Мектеп туралы ақпаратты анықтама

| | |
|---|---|
| **Директор** | Абишова Анаргул |
| **Мектептің құрылған жылы** | 1 қыркүйек 2002-2003 |
| **Мектептің жоба қуаты** | 60-70 оқушы |
| **Мектептің жалпы көлемі** | 224,6 кв. м. |
| **Контингент** | 32 оқушы 1-9 сынып – 32 оқушы |
| **Ауысым** | Екі ауысым |
| **Материалды базасы** | . |
| **Кадрлық құрам** | Педагогтардың жалпы саны - 20<br>Білімі бойынша: Жоғары - 18 (90%),арнаулы орта- 2(10%)<br>Санаты бойынша: Жоғары - 2 (10%), Бірінші - 1 (5%)<br>Санатсыз - 9 (45%)<br>Педагог сарапшы-4(20%)),педагог зерттеуші-4(20%)) |
| **Оқушылардың тамақтануы туралы мәлімет** | Оның ішінде тегін ыстық тамақпен қамтылғандар- 3 оқушы болғандықтан кәсіпкерлер ұтпады. |
| **Қаржыландырылғандар** | |
| **Мектептегі жұмыстардың нәтижесі (мұғалімдер, оқушылар)** | - Халықаралық және республикалық зияткерлік конкурсының жеңімпаздары мен сыйлық иегерлері – 3<br>- Қазақстандық ғаламтор-олимпиадасының жеңімпаздары мен сыйлық иегерлері - 2.<br>-«Ақбота» республикалық интеллектуалды марафонның жеңімпаздары мен сыйлық иегерлері - 15<br>- Республикалық қашықтық олимпиадасының жеңімпаздары мен сыйлық иегерлері - 3<br>- Қазақстан Республикасы Кіші академия ғылымының халықаралық ғылыми-тәжірибе конференциясы -1<br>-«Кенгуру-лингвистхалықаралық интеллектуалды конкурстың - 6сыйлық иегері |

## 2022-2023оқу жылындағы мектеп басшыларының еңбек өтілі туралы мәлімет

| № | Аты-жөні | қызметі | мамандығы | стажы | Қызмет бойынша стажы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Абишова Анаргул | Директор | Математика | 30 | 8 |
| 2 | Мурынбаева Нурзипа Сисеновна | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары | Математика | 19 | 6 |
| 3 | Медиева Гулдари Базаровна | Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары | Орыс тілі мен әдебиеті | 19 | 7 |

## 2022-2023оқу жылындағы Қоғамдық негіздегі жетекшілер туралы мәлімет

| № | Қоғамдық негіздің жетекшілері | пән |
|---|---|---|
| 1 | Отарова Гүлдәурен Төлепқызы | бастауыш |
| 2 | Шандыбаева Гүлмира Болатқызы | математика |
| 3 | Жұбанғарина Элмира Асқарқызы | география |
| 4 | Қошқарбай Үміт Сайынқызы | қазақ тілі мен әдебиеті |

## 2022-2023оқу жылындағы Қоғамдық ұйымдар туралы мәлімет

| № | Жетекшілері | Ұйым атауы |
|---|---|---|
| 1 | Бекенова Аққұртқа Бекболатовна | «Жасұлан» |
| 2 | Бозжігітова Назерке Әлібекқызы | «Қызғалдақ» |
| 3 | Боранбаев Серік Турарович | «Тәртіп сақшысы» |

## 2022-2023оқу жылындағы Ақылы үйірмелер туралы мәлімет

| № | Жетекшілері | үйірме атауы |
|---|---|---|
| 1 | Жұбанғарина Элмира Асқарқызы | «Шебер қолдар |
| 2 | Нурмухан Замира Қожамбердіқызы | «Жас теннисші» « |

## 2022-2023оқу жылындағы Ақысыз үйірмелер туралы мәлімет

| № | Жетекшілері | үйірме атауы |
|---|---|---|
| 1 | Нәбиева Роза Шандыбаева | «Дойбы,шашкі» |
| 2 | Нурмухан Замира Қожамбердіқызы | « Тоғызқұмалақ» «Жас теннисші» |

# 2021-2022 оку жылында тәрбиеге байланысты жасаған жұмыс анализі

Актан жырау негізгі мектебінің тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру максатында 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтсақ.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4.Отбасы тәрбиесі

5.Еңбек, экономикалык және экологиялык тәрбие

6.Интелектуалды тәрбие,акпараттык мәдениетті тәрбиелеу

7.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалык тәрбие

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Аталған бағыттар бойынша 2021-2022оқу жылының жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие-бойынша 1 қыркүйек күні «Білім күні» «Кел балалар оқылық»,атты білім күніне арналған тәрбие сағаттары өтті.. Мектеп кітапханасында «Рухани жаңғыру», «Парасатты азамат», «ҚР рәміздері», «Кітаптар әлеміне саяхат» туралы материалдардан бұрыш жасалып ілінді. Отбасы күнін мерекелеу шеңберіне «Отбасы –бақытым!» атты апталық өткізілді. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесіне орай 14.09.2021-18.09.2021 күндер аралығында мектебімізде «Мәңгілік ел-Мәңгілік тіл» тақырыбында апталық өтті.Апталыққа арналған жоспар құрылды апталыққа орай төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылып өз уақытымен өткізіліп отырды. «Өнер алды- қызыл тіл» атты тақырыпты ашылу салтанатын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері А.Бекенова және А.Әбіл өткізді. «Қазақ тілі-біздің болашағымыз » тақырыбында Ж.Жұмағазы бейнеролик дайындап 5-9 сыныптар аралығында таныстырылым өткізді.Мектеп кітапханашысы К.Кенжебай оқушылармен «Менің халқымның тілі» атты кітап көрмесін

ұйымдастырды.Қазақ тілі,орыс тілі ағылшын тілінің пән мұғалімдері үш тілде тіл туралы оқушылардың өнерлерін мәнерлеп оқу бойынша поэзия сағаттын өткізді.

Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі Б.Хамзинаның ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында «Абай –дана,Абай-дара қазақта!» атты тіл мерекесі өтті.Апталық бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілді.Әр сыныпта Абай атамыздың өлең жолдарын үзінді және еркін тақырыпта қара сөзден жаттауға ұсыныс беріліп,сол сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. «Абай –дана,Абай-дара қазақта!»атты тіл мерекесіне арналған апталығының қорытындысы бойынша 2 сынып оқушысы Шәкизада Дамир және Ешмұхан Алтынзер мәнерлеп оқудан I орынға ие болды.4 сынып оқушысы Жұмабаев Жансерік қара сөз оқудан II орын иегері атанды Апталыққа қатысқан барлық оқушылардың есімдері аталып,диплом ,алғыс хаттармен марапатталды.

22.09-25.10.2021 қыркүйек-қазан аралығында «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акцияға байланысты «Жүргізуші – жаяу жүргінші» атты онкүндігі өтті «Жүргізуші – жаяу жүргінші» атты жедел – алдын алу іс – шарасының онкүндік жоспары құрылды .Іс – шараның басты мақсаты: жолдарда қаза болу , жарақаттанудың жан түршігерлік ауқымына және барлық жол қозғалысына қатысушылардың ықтимал қауіп – қатеріне назар аудару , апаттылықтың алдын алу және жолдарда құқық бұзушылықтарға қатаңдатылған қарсы іс – қимылды алғашқы жоспарға шығару , өзара сыйластық , жолда қауіпсіздік ережесін сақтау , жол апаттарының алдын алуына үлес қосу .

Оқушыларды жолда дұрыс жүріп – тұруға тәрбиелеу , қоғамдық мекемелердің күнделікті тұрмыста алатын орны , онда көптеген адам жұмыс істейтінін , олардың қандай көліктермен жұмысқа баратынын , қалалық және ауылдық жерлерде жолда жүру ережесінің айырмашылығын , жол белгілерін ажырата білу , жол жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу мақсатында 1-4 сыныптар арасында «Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі» атты түсіндірме баяндаманы Т.Сатаева оқып таныстырды . Мектеп директорының тәрбие ісі – жөніндегі орынбасарының м.у.а Р.Ш.Набиева «Жол тәртібін жадында ұста» деген тақырыпта түсіндірме жүргізіп өтті ..Мектеп фельдшері «Жол көлік оқиғасы» кезіндегі алғашқы көмек көрсету түрлерін егжей – тегжейлі айтып түсіндіре отырып , практика жүзінде де көрсете білді . Көп жағдайдан мағлұмат алған балалар мен қыздар мектеп фельдшеріне көптеген сұрақтар қою арқылы көңілдеріне

қонымды жауаптар ала білді.

20 казаннан-20 караша аралығында өтетін Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» айлығында өткізілген іс-шараларына жоспар құрылып бекітілді.5-9 сыныптар аралығында мектебіміздің педагог-психологы А.Иманбаева «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында сауалнама алып, 1-4 сынып оқушыларына «Өз құқығыңды біл!» атты тақырыбында жадынамамен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Бүгінгі шақ және болашақ:әр бала үшін қамтамасыз етілген балалық шақ» атты тәрбие сағаттары 5-8 сыныптар арасында өтілді.

«Позитивті отбасы» бейнеролик топтамасын сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 1-4 сыныптар арасында өткізілді.

Тәуелсіздік күніне орай 1-9сыныптар арасында «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тағдыры» сынып сағаттары өтілді. Іс-шараның мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік жолындағы және желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың ерлігін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру, тәуелсіздіктің елімізге қандай қиындықпен келгенін түсіндіру, оқушылардың туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін ояту. Шыншылдыққа тәрбиелеу, Еліміздің келешегінің кемелді де келісті болуына ат салысатын өскелең ұрпақты Отанын сүюге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне байланысты өткізілетін іс шаралдар жоспары құрылып бекітілді.Мектеп кітапханашысы Б.Кенжебай «Ғасырдың керемет азаматы » атты кітап көрмесін 19 караша күні 1-9 сынып оқушыларына таныстырды..«Ел еріне,ері еліне сенген ұлы тұлға» шығармалар байқауы 8-9 сынып оқушылары арасында 23 караша күні болды және «Бірлігіміз жарасқан » патриоттық әндер челенджі 5-9 сынып оқушылары арасында музыка пәнінің жетекшісі Ү.Қошқарбай ұйымдастырып өткізді.«Менің Қазақстаным !» «Менің Президентім» тақырыбында сурет байқауы 4-8 сынып оқушылары арасында көркем еңбек пәнінің мұғалімі ұйымдастырылып өткізді. Мектеп тәлімгері Қ.Раманкулова «ЖасҰлан» «Жас Қыран » қатарына оқушыларды қабылдады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін бағытталған жұмыстар атқарылып келеді.Сынып сағаттары, диспуттар, профилактика кеңестері , пікір сайыс клубтары, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер өткізілді. Мектеп бойынша 5 сынып жетекшілері жұмыс атқаруда.Мектеп бағдарламасында: құқықтық міндетті оқыту, құқық қорғау

органдарының, ішкі саясат бөлімінің, өкілдерімен кездесулер жоспарланып,орындалуда. Оқушылардың құқық тәрбиесі бойынша іс шаралар жоспары жасалған. Жұмыс құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста қызмет жасаумен өткізіледі. Сынып жетекшілер және мектеп әкімшілігінен құрылған топ мүшелері ай сайын рейд жұмыстарын ұйымдастырады. Жыл бойы өткізілген «Түнгі қаладағы балалар» акциясы аясындағы рейдтерге ата-аналар да атсалысып,балалар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Жасөспірімдер мен отбасы саласынан жасалған қылмыс, құқық бұзушылық анықталған жоқ;

Мектептің ұлдар ұйымының ұйымдастырған құқық тәрбие жөнінде 5-9 сынып оқушыларының арасында әңгіме сағаты жүргізілді. Кездесу барысында ауыл инспекторы И.Сағымбаев оқушыларға адам құқығы, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттеріне қатысты негізгі баптарының мазмұны түсіндірді, олардың ерекшеліктерін толыққанды жеткізді. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының сұрақтарына жауап беріп, балаларды қызықтырған мәселелерін жан-жақты ашып түсіндірді.Сонымен қатар мектеп педагог-психологы 5-9 сынып оқушылармен «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында тест жұмыстарын алып, тренинг жүргізді.

Мемлекеттік ту, елтаңба және әнұран мемлекеттің негізгі рәміздері болып саналады. Олар – мемлекеттің мызғымас негізінің бірі тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі. Сондай-ақ бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу. 25қыркүйектен-02 қазан аралығында « Ұстазыңды ұлықта» тақырыбында апталық өткізілді. Оған барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар 02-қазан күні «Менің ұстазым » мерекелік іс шаралар өткізілді. Қазақстан Республикасының халықаралық Отбасы мерекесіне орай 14.09-21.09 күндер аралығында мектебімізде «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында апталық өтті .«Менің отбасылық құндылықтарым » атты отбасылық шығармашылық байқауы1-4 сыныптар арасында өтсе,.«Жанұясыз адам-бұл тамырсыз,сабақсыз,жапырақсыз және жемісіз ағаш» сынып сағаттарын 5-7 сыныптар арасында өткізіліп,«Берік отбасы-адамның сенімді тірегі» сынып сағаттарын 8-9 сыныптар арасында өткізілді.

9 мамыр «Ұлы Жеңіс» күніне қарсаңында өткізілетін іс-шаралар мамыр айынан жоспарланып, мектеп директорымен

бекітілді. «Ешкімде ұмыт калмайды. Ешкімде ұмытылмайды» тақырыбында мектеп кітапханасында көрмелері ұйымдастырылды. Әрбір сынып жетекшілері «Ұлы Жеңіске 77 жыл» 1-9 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.Тәрбие сағатының мақсаты: Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, ерлігін үлгі ету. Бастауыш сыныптар арасында «Ұрпақтар ұмытпайтын –Ұлы Жеңіс» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

III. Ұлттық тәрбие.

Мақсаты:Жеке тұлғаны жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарға,ана тілі және мемлекеттік тілге,қазақ халқының мәдениетіне,Қазақстан Республикасының этностары мен этностық құрмет көрсетуге бағыттау.Осы бағыт бойынша қарттар күніне арналған Бастауыш сыныптарда «Қарттарым аман-сау жүрші!», «Қарттарым асыл казынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Ал жоғары сыныптарда «Көп жасаған қария-ақылы теңіз дария», «Картарым асыл қазынам» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп оқушыларына Абай шығармаларын насихаттау, оқыту - басты міндет болып табылады.

12.03.2022 жылы «Ұлыстың –ұлы күні құтты болсын» атты 22 – наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді.15 наурыз күні «Жеті атасын білген ұл,жеті жұртқа жөн айтар» тақырыбында шежіре күнін тарих пәнінің мұғалімі С.Боранбаев атап өтсе, 16 наурызда дене шынықтыру пәні мұғалімі Р.Набиева «Ұлттық ойын-ұлт игілігі » атты ұлттық ойындарды мектеп алаңында ұйымдастырды.17 наурыз күні мектеп кітапханашысы «Наурыз – мәңгілік ел салтанаты» атты кітап көрмесін ұйымдастырса, 19 наурыз күні еңбек пәнінің мұғалімі Э.Жұбанғарина «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні» атты сурет көрме ұйымдастырды. Бастауыш сынып мұғалімдері және ата-аналары «Салт—дәстүрім таусылмайтын байлығым» атты салт дәстүрді насихаттау іс шарасына катысты. «Асық ату»ойыны, «ою өрнектерді» насихаттау, «Бесікке бөлеу», «Тұсау кесу» рәсімдерін насихаттады. «Қош келдің,Әз-наурыз» атты іс шарасы өтілді. Жоспар бойынша құрылған іс шаралардың барлығы өз деңгейінде ұйымдастырылып оқушылар белсене қатысты.14 наурыз көрісу күніне орай 1-9сынып оқушылары арасында «Бар бол,қарағым Айналайын» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

IV.Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялықпедагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.

• «Ана өмірдің гүлі» атты фото сурет көрмесі, «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты құттықтау презинтациясын мектебіміздің оқушы ұлдары ұйымдастырып жылы лебіздерін білдірді. «Ана-өмірдің шуағы» атты тақырыпта 1-9 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты болып өтті.Мектепалды даярлық тобының жетекшісі   Ә.Арысбек  "Ана өмірдің гүлі"  атты ертеңгілік ұйымдастырды. Бүлдіршіндер аналарына арнап өз өнерлерін ортада көрсетті.Бастауыш сынып оқушылары 8 наурыз «Халықаралық аналар мерекесіне» арналған жүрек жарды құттықтауларын арнады.1-4 сынып оқушылары қатысты.

ДТІЖО м.у.а Набиева Р  «Алғыс білдіру»тақтасын ұйымдастырды.Оқушылар өз тілектерін білдіріп алғыстарын айтты.1-9 сынып оқушыларына «Алғыс айтудың шексіздіктері» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Алғыс бата ал» қарт адамдарға көмектесу мақсатында мектебіміздің  "Мейірім" еріктілер клубы мүшелері  қарт ата ,апаларымыздың қарын күреп көмек қолдарын созды. «Ата –анам алтын тұғырым» тақырыбында мектепалды даярлық сынып оқушылары фотосурет көрмесін ұйымдастырды.

VII.Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.

Мақсатты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру,жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық обьектілерді қабылдауға,меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту. «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебатты қозғалысы жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру .Мектеп кітапханасы  Б.Кенжебай  7-9сынып оқушысыларымен Әлемдік мәдениет-кітапта Әлем әдебиетін оқудан жарыс болып өтті.

Директордың  тәрбие  ісі  жөніндегі  орынбасарының м.у.а:     Набиева Р.

Бекітемін
Мектеп директоры: А.Абишова

Мектепішілік бақылау жоспары 2022-2023 оқу жылы

# ТАМЫЗ-ҚЫРКҮЙЕК

| № р/н | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылаудың түрі | Бақылаудың әдісі | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| **I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Оқушылардың оқулықпен қамтылуы | Жетіспейтін оқулықтармен оқушыларды қамту жұмыстарын жүргізу, кітапханашысының жұмысын жүйелеу | Оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау, жетіспейтін оқулықтарды анықтау | Сыныптық-жалпылаушы | Байқау, әңгіме (наблюд., беседа) | Тамыз-4 | ДОІЖО, ДТІЖО, тәлімгер | Әдістеме кеңес, | Хаттама | |
| 2 | Жалпыға бірдей міндетті білімен қамту айлығын өткізу. «Мектепке жол» | Оқушылардың мектепке тарту базасын анықтау және жасау, Мектепке оқушыларды тарту, Тізімін құру және тегін тамақтандыруға сынып жетекшісі тарапынан құжаттарды дайындау Отбасы төмен, оқушыларының тегін тамақтанумен қамту, **«Мектепке жол » акциясын өткізу мақсатында** | Мектепке оқушыларды тарту, Тізімін құру және тегін тамақтандыруға сынып жетекшісі тарапынан құжаттарды дайындау Отбасы төмен, оқушыларының тегін тамақтанумен қамту, **«Мектепке жол » акциясын өткізу** | Сыныптық-жалпылаушы | (талқылау) Анализ | Тамыз-4 | ДОІЖО, ДТІЖО, тәлімгер | ДЖК | Хаттама | |
| 3 | Білім беру аясында ҚР-ның білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды енгізу бойынша мектеп жұмысының негізгі бағыттары | Педагогтарды 2022-2023 оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен таныстыру | Негізгі оқу жылының ерекшеліктерін таныстуру | Сыныптық-жалпылаушы | (талқылау) Анализ | Тамыз-4 | Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | Пед кеңес | Хаттама | |
| 4 | Қорытынды аттестаттау, PISA-ға дайындық жоспарын құру, бекіту | Оқушыларды жүйелі дайындау мақсатында | Жоспар, нормативтік құжаттар | тақырыптық | (талқылау) Анализ | Қыркүйек-1 | ДОІЖО, ДТІЖО, тәлімгер | ДЖК | Анықтама Хаттама | |
| **II. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау** | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы» нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды жасау, пән бірлестіктерінде талқылау, бекіту. | Білім беру саласындағы заңнаманы сақтау | Бірлестік отырысы | Сыныпты қ-жалпылау шы | Құжатта рды зерттеу | Тамыз-4 | Оқу ісі орынбасары Бірлестік жетекшілері | Педкеңес | Анықтама | |
| 2. | Әдістемелік жұмыстың жоспарын бекіту. | Білім беру саласындағы заңнаманы сақтау | Бірлестік отырысы | дербес | Құжатта рды зерттеу | Тамыз-4 | Оқу ісі орынбасары | Әдістемелі к кеңес | Анықтама | |
| 3. | Мектеп іс-қағаздарын жүргізуге қойылатын талаптар (элект. Журналы, КУНДЕЛІК KZ, күнделікті сабақ жоспарлары).НОУБД | Білім беру саласындағы заңнаманы сақтау | Құжаттар | дербес | Құжатта рды зерттеу | Қыркүйек -1 | Оқу ісі орынбасары Пән мұғалімдер | ДЖК | Анықтама | |
| 4. | БЖБ,ТЖБ жұмыстарының кестесін бекіту | Мемлекеттік білім беру стандартының орындалуын қадағалау | зертханалық, сарамандық жұмыстар | тақырып тық | Құжатта рды зерттеу | Қыркүйек -1 | Оқу ісі орынбасары Пән мұғалімдер | ДЖК | Анықтама | |
| 5. | Пән бірлестіктері бойынша үйірмелердің, қабілеті жоғары, қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жоспарларын талдап, бекітуге ұсыну | Мектеп бөлмелерінің жағадайы | Сынып жетекшілердің қабілеті жоғары, қабілеті төмен оқушылардың жұмыстарын қадағалау | Сыныпты қ-жалпылау шы | Байқау, талдау | Қыркүйек-1 | Директордың оқу ісінің орынбасары | Пед кеңес | Хаттама | |
| 6. | Мемлекеттік бағдарламалар | Күнтізбелік, тақырыптық жоспарлар мен бағдарламаның құрылуын қадағалау. Мұғалім дердің оқу-әдістемелері мен қамтылуы, және оқу стандарты бойынша қойылатын талап | Жаңа оқу жылына жеке пәндер бойынша күнтізбелік және тақырыптық жоспарларының бағдарламаға сай келуін анықтау | дербес | Байқау, әңгіме | Тамыз-4 | Әдістеме бірлестік жетекшілері, Оқу ісі жөніндегі орынбасары | Әдістеме кеңес | Хаттама | |
| **III.Оқу процесінің сапасын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Мұғалімдердің білім жетілдіру жұмыстары | Білім жетілдіру курсына баратын мұғалімдердің тізімін құру, перспективалық жоспар құру | Білім жетілдіру курсына баратын мұғалімдерді анықтау және корректировка жасау арқылы өз уақытында мұғалімдердің білім жетілдіру институтына баруын қадағалау. | тақырыпт ық | Әңгіме | Тамыз-4 | Оқу ісінің орынбасары | Әдістеме отырыс | Жоспар құру | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Пед кадр. сағаттарын әдістемелік бірлестік отырыстарында карастырылуы | Жаңа оқу жылына мұғалімдердің оқу жүктемелерін білуі, лауазымдық міндеттір бөлу. | Жаңа оқу жылына оқу жүктемелерін анықтау, корректировка жасау, вакансияны анықтау | тақырыптық | Бақылау | Тамыз-4 | Мектеп директоры, Бірлестік жетекшілер | Педагогикалық кеңес | Хаттамалар | |
| 3 | Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлермен жұмыс жоспарын бекіту. | Жас мамандармен жұмыс жоспарын құру | Бірлестік жетекшілерінің жас мамандарымен жұмыс жоспарын құрылуының сапасын бақылау, тәлімгерлерді бекіту | тақырыптық | Бақылау | Тамыз-4 | Әдістеме кеңесінің жетекшісі, бірлестік жетекшілері | Әдістеме кеңес отырысы | Хаттама | |
| 4 | Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен таныстыру | Біліктілік санатын көтеру мақсатында аттестациядан өтетін мұғалімдердің өз өтініштері бойынша перспективалық жоспар құру | Аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау, өтініштері бойынша түзету, толықтыру жасау | тақырыптық | Бақылау | Тамыз-4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары, бірлестк жетекшілер | Пед кеңес | Анықтама Өтініш Хаттама | |
| 5 | Бірлестік жекшілердің жұмысы | Бірлестік жетекшілердің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары | Бірлестік жетекшілердің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының сапалы болуы және жүйелі болуын қадағалау | дербес | әңгіме | Тамыз-4 | Әдістеме кеңесінің жетекшісі | Әдістеме кеңес отырысы | Хаттама | |
| | **IV.Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау** | | | | | | | | | |
| 1 | **Кіріспе диагностика**:<br>1)Оқу техникасы (2-4 сынып)<br>2)Бақылау үзіктері (2-9 сынып)<br>0-дік срездер өткізу | Оқу жылдамдығын айқындау Білім алушылардың білім деңгейіндегі олқылықтарды анықтау | Сынып оқушылары | тақырыптық | Байқау | Қыркүйек -1 | Бірлестік жетекшісі, оқу ісінің меңгеруші | ДЖК | Анықтама | |
| | **V.Оқу-зерттеу қызметі** | | | | | | | | | |
| 1 | Мектепшілік, аудандық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы | Оқушылардың біліктілігін шыңдау | Сынып оқушылары | тақырыптық | Бақылау , талдау | Қыркүйек-3-4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары | ДЖК | Хаттама | |
| | **VI.Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау** | | | | | | | | | |
| | **VII.Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау** | | | | | | | | | |
| 1 | «Тіл тағдыры-ел тағдыры» ҚР халықтарының Тілдер күнін өткізуге арналған мерекелік іс –шаралар жоспарлау, өткізу | Мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы қағидаттарын іске асыру | Сынып сағаты | дербес | Байқау | Қыркүйек-1 | Тәрбие – ісінің орынбасарының м.у.а | ДЖК | Хаттама | |
| 2 | Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастырылуы | Оқушылардың ыстық тамақпен қамту жұмыстарының жүргізілуі | Аз қамтылған және Отбасы төмен оқушыларды тегін тамақтандыруды қадағалау | тақырыптық | Байқау | Қыркүйек -1-4 | Тәрбие – ісінің орынбасарының м.у.а | ДЖК | Хаттама | |

# Қ А З А Н

| № р/н | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылауд ың түрі | Бақылау дың әдісі | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Қарау орны | Басқаруш ылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | **І. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау** | | | | | | | | | |
| 1 | Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру | Дене шынықтыру, еңбек, пәндері және үйірме сабақтары бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстарын тексеру | Дене шынықтыру, еңбек пәндері және үйірме сабақтары бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау журналдарының болуын тексеру | Сыныпты қ-жалпылау шы | Бақылау, әңгіме | 1 | Әдістеме бірлестік жетекшілері, Оқу ісі жөніндегі орынбасары | ДЖК | Хаттама | |
| 2 | Сынып жетекшілерінің жұмысы және лауазымдық нұсқаулықтары | Сынып жетекшілерінің лауазымдық жұмысы | Сынып жетекшілер | Сыныпты қ-жалпылау шы | Байқау,әңгіме, талдау | 1 | ДТІЖО Сын бір жет | Пед кеңес | Хаттама, анықтама | |
| | **ІІ. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау** | | | | | | | | | |
| 1 | Сынып журналдардың толтырылуы | Сынып жетекшісінің сынып журналдарымен жұмысы | Оқу пәндерінің оқытылу жағдайы | тақырыпт ық | Бақылау, талдау | 4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары, директор | Әдістеме кеңес | Хаттама | |
| 2 | Күнделіктер | Сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің, ата-аналардың оқушылар күнделіктерін қадағалау жұмысы | Біркелкі орфографиялық нормаға сай оқушы күнделіктерінің толтырылуы, бағалардың қойылуы. | Сыныпты қ-жалпылау шы | Байқау,әңгіме, талдау | 3 | Мектеп тәлімгері | Сынып жет бірл отырысы | Хаттама, анықтама | |
| | **ІІІ.Оқу процесінің сапасын бақылау** | | | | | | | | | |
| 1 | 5 сынып оқушыларының негізгі пәндер бойынша білімдерін тексеру | Оқушылардың ББД сапасын бақылау | Сынып оқушылары | тақырыпт ық | Жалпылама | 3 | Оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Бірлестік жетекшісі | ДЖК | Хаттама Анықтама | |
| 2 | 2-9 сыныптарды БЖБ, ТЖБ-нын жүргізілуі | Оқушылардың ББД сапасын бақылау | Сынып оқушылары | Сыныпты қ-жалпылау шы | Жалпылама | 4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Бірлестік жетекшісі | ДЖК | Хаттама Анықтама | |

**ІV.Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау**

5

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Диагностика**<br>I оқу тоқсаны қорытындысы<br>1)Оқу техникасы (2-4 сынып)<br>2)БЖБ,ТЖБ (2-9 сынып) | Оқу жылдамдығын айқындау | Сынып оқушылары | Сыныпты қ-жалпылау шы | Талдау | 4 | Бірлестік жетекшілер і | Педкеңес | Хаттама | |
| 2 | Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық | Оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау | Сынып оқушылары | Кешенді | Байқау Талдау | 2 | Пән мұғалімдері | ДЖК | Анықтама Хаттама | |
| 3 | Оқушылардың үлгерімі мен сабаққка қатысуы | Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы жұмыстарын жүргізілуі, маниторинг жасалуын қадағалау | Сабаққа оқушылардың қатысу желісін сақтау, Технология, д\ш, музыка, Сурет сабақтарына оқушылардың қатысуын қадағалау | Сыныптық - жалпылау шы | Бақылау , әңгіме | 3 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары , мектеп тәлімгері | Пед кеңес | Сабаққа қатысу туралы журналы, монитор инг | |
| | **V.Оқу-зерттеу қызметі** | | | | | | | | | |
| 1 | 1,5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі **және қиындықтарын анықтау** | Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен еркіндігін қорғау Сыныптарда өтілетін сабақтарға сараптама | Сынып оқушылары Мұғалімнің сабақ үстіндегі жұмысын жетілдіру | Дербес бақылау | Бақылау, талдау | 3 | Психолог Директор, оқу-тәрбие ісі | ДЖК | Хаттама | |
| 2 | Республикалық пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңіне дайындық, өткізу | Оқушылардың ББД сапасын бақылау | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Жалпыла ма | 4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасарла ры Бірлестік жетекшісі | Әдістемелі к кеңес | Хаттама | |
| 3 | Мемлекеттік емтихан, PISA-ға дайындық жұмыстарының жүргізілу деңгейі, сынақ тестілерінің қорытындысын талдау | Мемлекеттік емтихан, , PISA, дайындық жұмыстарының жүргізілуі | Мемлекеттік емтихан, PISA, ББЖМ тексеру | Дербес бақылау | Жалпыла ма | 3 | Әдістеме бірлестік жетекшілері, оқу ісі жөніндегі орынбасар | ДЖК | хаттама | |
| | **VI.Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау** | | | | | | | | | |
| 1 | Пән мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысу дәптерлерін тексеру | Білім беру үдерісінің даму үрдісін талдау және болжау | Мұғалімдер | Дербес бақылау | Байқау,әң гіме | 3 | Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер | Әдістемелі к кеңес | Хаттама | |
| 2 | Ізденіс жас мамандарды жұмыс жоспарымен таныстыру. Оқу бағдарламалары мен ҚМЖ жасап үйренуге, күнтізбелік жоспар, т.б. жасауға үйрету | Мұғалімнің шеберлігін арттыру | Жас мамандар | Дербес бақылау | Байқау, әңгіме | 1 | Тәлімгерлер | «Ізденіс» жас маман мектебі | Анықтама Хаттама | |

6

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Деңгейлік курстан өткен мұғалімдерің жұмысын ұйымдастыру және бақылау (Мектептің даму жоспарымен сәйкестіріліп ұйымдастыру,өзгерістер мен жаңашыл тұстарын бақылау, коучингтер өткізу қорытынды нәтиже шығару | Білім беру үдерісінің даму үрдісін талдау және болжау | Мұғалімдер | Дербес бақылау | Байқау,әңгіме | 2 | Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер | ДЖК | Хаттама | |
| **VII.Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Өзін-өзі бүлдіретін мінез-құлықтың, құқық бұзушылықтың, алкоголь мен темекі өнімдерін тұтынудың және тб мәселелер | | Сынып оқушылары Мұғалімдер | Дербес бақылау | Байқау,талдау, әңгімелесу | 1 | ДТІЖО | Пед кеңес | Анықтама | |
| **VIII. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Санитарлық- гигиеналық режим және еңбектің қауіпсіздік ережесі | Мектеп бөлмелері санитарлық жағдайға сай болуы, қауіпсіздік ереже бұрыштарын, стендтері болуын қадағалау. | Мектеп бөлмесі | Сыныптық – жалпылаушы бақылау | Байқау, әңгіме | 1-4 | Завхоз, Завуч Дәрігер | ДЖК | Хаттама, Анықтама | |

# ҚАРАША

| № р/н | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылаудың түрі | Бақылаудың әдісі | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| **I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Оқу бағдарламасының стандартқа сай орындалуы | Оқу пәндерінің берілуі | КТП,сынып журналы | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 1 | Әдістеме бірлестік жетекшілері, оқу ісі жөніндегі орынбасары | ДЖК | **анықтама** | |
| **II. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуі | Сынып жетекшісінің сынып оқушыларының жеке іс-қағаздарын жүргізуі | Сапалу ,уақытылы толтырылуы | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 1 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары , директор | ДЖК | Хаттама | |
| **III.Оқу процесінің сапасын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | 2-4 сыныптарда қазақ тілі пәнінің берілу жағдайы, бақылау үзігін алу. | Оқушылардың ББД сапасын бақылау | Сынып оқушылары | Сыныптық-жалпылаушы | Жалпылама | 2 | Оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Бірлестік жетекшісі | ДЖК | Хаттама Анықтама | |
| 2 | 9 сыныптағы PISA, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы | Мемлекеттік емтихан, PISA, дайындық жұмыстарының жүргізілуі | Мемлекеттік емтихан PISA, ББЖМ тексеру | тақырыптық | Жалпылама | 3 | Әдістеме бірлестік жетекшілері, оқу ісі жөніндегі орынбасары | Пед кеңес | хаттама | |
| 3 | Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру | Инклюзивтік білім берудің талапқа сай жүргізілуі | Сынып оқушылары | дербес | Байқау , талдау | 3 | Оқу ісі жөніндегі орынбасар | Пед кеңес | Хаттама Анықтама | |
| 4 | 5-9 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиет пәнінің берілу жағдайы | Мұғалімдердің шеберлігін арттыру. Білім сапасын жақсарту | Сынып оқушылары | Сыныптық-жалпылаушы | Байқау, талдау | 3 | Мектеп әкімшілігі, Бірлестік жетекшілері | ДЖК | Хаттама Анықтама | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 2-9 сыныптарда математика пәнінің берілуі | Оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау | Сынып оқушылары | Сыныпты қ-жалпылаушы | Байқау, талдау | 4 | Мектеп әкімшілігі, тексеру комиссиясы | ДЖК | Хаттама | |
| **IV.Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | **Пән апталығы:** «Жаратылыстану бірлестік» апталығы | Оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау | Сынып оқушылары | Дербес | Байқау, талдау | 3 | Директордың оқу ісінің орынбасары | ДЖК | Хаттама | |
| **V.Оқу-зерттеу қызметі** | | | | | | | | | | |
| 1 | Мұғалімдер мен оқушылардың интернет олимпиадасына қатысуы | Интернет олимпиадасына қатысуын қадағалау | Байқауға қатысушылар | Дербес бақылау | Байқау , талдау | 4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары | Әдістемелік кеңес | Хаттама | |
| **VI.Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу | Біліктілік санатын көтеру мақсатында аттестациядан өтетің мұғалімдердің өз өтініштері бойынша перспективалық жоспар құру | Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер | Дербес бақылау | Байқау | 4 | Б\Ж., әдістеме кенесінің жетекшісі | Бірлестік және әдістеме отырыстары | Хаттама | |
| 2 | Бірлестіктер арасында «Оқыту үдерісін жоспарлауда қалыптастырушы бағалаудың маңызы» дөңгелек үстел | Қалыптастырушы бағалау туалы түсініктерін қалыптастыру | Бірлестік мұғалімдері | Дербес бақылау | Әңгіме | 3 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары | Бірлестік жетекшілері | Хаттама, Анықтама | |
| **VII.Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Оқушылардың сабаққа қатысуы, үлгерімі | Сабаққа оқушылардың қатысу желісін сақтау, мониторинг жасалуын қадағалау | Оқушылар | Сыныптық – жалпылаушы бақылау | Байқау, әңгіме (наблюд., беседа) | 1-4 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері | ДЖК | Хаттама | |
| 2 | Үйірмелерге, вариативтік курстарға оқушылардың қатысуы | Үйірмелерге, вариативтік курстардың оқытылу жағдайын бақылау | Үйірме, факультатив жұмыстары | Сыныптық – жалпылаушы бақылау | Байқау, әнгіме (наблюд., беседа) | 2 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері | ДЖК | Анықтама | |
| 3 | Діни-экстеримизм мен терроризмнің алдын алу жолдары | Оқушылардың теріс ағымдағы іс-әрекеттерден алдын алу жұмысын жүзеге асыру | Сынып оқушылары | Сыныптық – жалпылаушы бақылау | әнгіме (наблюд., беседа) | 2 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері | ДЖК | Анықтама | |
| 4 | Оқушы күнделіктерінің жағдайы | Сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің, ата-аналардың оқушылар күнделіктерін қадағалау жұмысы | Күнделік | Дербес бақылау | Байқау,әңгіме, талдау | 4 | Мектеп тәлімгері | Сынып бірл жетекшілер отырысы | Хаттама, анықтама | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | «Оқуға құштар мектеп» жобасының атқарылған жұмысы туралы | Оқушыларды білімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Байқау,әңгіме, талдау | 3 | ДТІЖО Мектеп тәлімгері Кітапханашы | Пед кеңес | Хаттама, анықтама | |
| 6 | «Мейірбандық» айлығының қорытындысы | Оқушылар арасында қайырмдылық шараларын ұйымдастыру арқылы адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу. | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Байқау,әңгіме, талдау | 1 | Мектеп тәлімгері ДТІЖО Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагог | Пед кеңес | Хаттама, анықтама | |
| 7 | Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар | Зорлық-зомбылықтың алдын алу | Оқушылар | Тақырыпть | Байқау, әңгіме талдау | 1-4 | ДТІЖО | ДЖК | Хаттама, анықтама | |
| **VIII. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Санитарлық- гигиеналық режим және еңбектің қауіпсіздік ережесі | Оқу бөлмелерінің санитарлық жағдайға сай болуы, қауіпсіздік ереже бұрыштарын, стендтері болуын қадағалау. | Дәрісхана | Сыныптық – жалпылаушы бақылау | Байқау, әңгіме | 1-4 | Завхоз, Завуч Дәрігер | ДЖК | Хаттама, Анықтама | |

# ЖЕЛ ТОҚСАН

| № р/н | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылаудың түрі | Бақылаудың әдісі | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| **І. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Кітапхана жұмысының жүргізілуі | Кітапхана жұмысының жүргізілуін қадағалау | Кітапхана | Дербес бақылау | Байқау Талдау әңгіме | 4 | Тексеру комиссиясы | ДЖК | Анықтама | |
| **ІІ. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Сынып.журналдардың толтырылуы | Сынып жетекшісінің сынып журналдарымен жұмысы | Журнал толтыруда біркелкі орфографиялық норманы және инструкцияны сақтау. | Дербес бақылау | Байқау, әңгіме | 4 | Тәрбие Оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тәлімгер | Пед кеңес | Анықтама, хаттама | |
| 2 | Оқушы күнделіктерінің жағдайы | Сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің, ата-аналардың оқушылар күнделіктерін қадағалау жұмысы | Біркелкі орфографиялық нормаға сай оқушы күнделіктерінің толтырылуы, бағалардың қойылуы. | Дербес бақылау | Байқау, әңгіме, талдау | 3 | Мектеп тәлімгері | Сынып жетекш бірл отырысы | Хаттама, анықтама | |
| **ІІІ.Оқу процесінің сапасын бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | Тарих, құқық, география пәндерінің оқытылуын тексеру | Оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 1 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары , директор | ДЖК | Хаттама | |
| 2 | 2-9 сыныптарда орыс тілі пәндерінің берілісі | Оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 2 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары , директор | ДЖК | Хаттама | |
| 3 | 8 сыныптардағы химия пәнінің ағылшын тілдерінде жүргізілуі | Сынып оқушылары | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 3 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары , директор | Әдістеме кеңес | Хаттама | |
| **IV.Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау** | | | | | | | | | | |
| 1 | **Диагностика**<br>**ІІ оқу тоқсаны қорытындысы**<br>1) Оқу техникасы (1-4сынып)<br>2) БЖБ, ТЖБ-ның қорытындысы (2- 9сынып)<br>3) Оқушылардың білім сапасы (2 тоқсан қорытындысы) | Білім беру үдерісініңдаму үрдісін талдау және болжау | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Бірлестік жетекшісі , оқу ісінің меңгерушісі | 4 | Пед кеңес | Анықтама | | |

11

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **3** | 2-9-ші сыныптарда БЖБ, ТЖБ -ның жүргізілуі | Мектептегі білім сапасын жақсарту | Сынып оқушылары | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары , директор | ДЖК | Хаттама | |
| | **V.Оқу-зерттеу қызметі** | | | | | | | | | |
| **1** | 9 сыныптағы PISA, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы | Мемлекеттік емтихан, PISA, дайындық жұмыстарының жүргізілуі | Мемлекеттік емтихан PISA, ББЖМ тексеру | Дербес бақылау | Жалпылама | 3 | Әдістеме бірлестік жетекшілері, оқу ісі жөніндегі орынбасары | Пед кеңес | хаттама | |
| | **VI.Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау** | | | | | | | | | |
| **1** | 1 жартыжылдық бойынша мұғалімдер рейтингісін шығару | Мұғалімдердің шеберлігін арттыру | Мұғалімдер жетістігі | Дербес бақылау | Бақылау , талдау | 4 | Оқу ісі жөніндегі орынбасары , Біллестік жетекшілер | Пед кеңесте | Хаттама | |
| | **VII.Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау** | | | | | | | | | |
| **1** | Оқушылардың сабаққа қатысуы | Сабаққа оқушылардың қатысу желісін сақтау, | Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы жұмыстарын жүргізілуі, мониторинг жасалуын қадағалау | Сыныптық – жалпылаушы бақылау | Байқау, әңгіме (наблюд., беседа) | 1-4 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері | ДЖК | Хаттама | |
| **2** | Жасөспірімдер арасындағы жыныстық тәрбиенің алдын алу жағдайы | Қыз балаларды адалдыққа, ибалылыққа тәрбиелеу | Қыз балалар | Дербес бақылау | Әңгіме, пікірталас | 2 | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тәлімгері | ДЖК | Хаттама, анықтама | |
| | **VIII. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау** | | | | | | | | | |